bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2021

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# Колоннада бір-бірден кезектесіп жүру мен жүгіру; гимнастикалық орындықта өрмелеу және одан секіру, допты нысанаға домалату. Қ. Ойын «Поезд»

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 15.05.2021 | https://bilimger.kz/96432/ |

Ұйымдастырылған оқу қызметінің

№ 98 технологиялық картасы

**Өткізген:** Сулейменова Г.М.

**Өткізу мерзімі**:04.05.2021 ж.

**Топтың жас ерекшелігі:** №1 I кіші топ

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Тақырыбы:** Колоннада бір-бірден кезектесіп жүру мен жүгіру; гимнастикалық орындықта өрмелеу және одан секіру, допты нысанаға домалату. Қ. Ойын «Поезд»

**Міндеттері:**

**Б.М.:** Колоннада бір-бірден  жүруді және жүгіруді кезектестіруге үйрету. Гимнастикалық орындықпен өрмелеу, одан секіруге, допты нысаға лақтыруға үйрету;

**Д.М.:** Тепе-теңдік пен көз мөлшерін, сезімдерін дамыту;

**Т.М.:** Шыдамдылық, батылдық тәрбиесіне ықпал ету.

| **Қызмет кезеңі** | **Тәрбиешінің іс — әрекеті** | **Балалардың іс – әрекеті** |
| --- | --- | --- |
| **Мотивациялық-қозғаушы** | Сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Сабақтың мақсатын, міндетін хабарлау. Саптық жаттығулар: Оңға, солға, кері айнал.<br>Жүгіру:- Тізені көтеріп, артқа сермеп, оң және сол қапталмен жүгіру.<br>Жүру:- Аяқ ұшымен, өкшесімен, аяқтың сыртымен, отырып жүру. | Жаттығу жасауға кіріседі |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы-ізденуші** | -Саптізбекте бір-бірден жүруді, бағытты сақтай білуді, саптізбектен шығып кетпеуді, саптізбекте өзінің орнын таба білуді көрсетеді.<br><br>-Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау үшін, шеңберге тұруды ұсынады.Жаттығуларды атайды.<br><br>Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсетеді. Жаттығулар 3-4 рет жасалады<br><br>**Негізгі қимыл түрлері**<br>**1.**Тізені жоғары көтеріп жүру<br><br>**2.**Ирелеңдеген жол бойынша жүру (көлемі 25 см, ұзындығы 2,5 м)<br><br>**3.** .Қақпа арқылы доп домалату (көлемі 50 см, 1,5 м).<br><br>Жаттығуды жасауға нұсқау беру. Қадағалау, дұрыс жасап үйренуге көмек беру,қолдау.<br>**Қозғалмалы жарыс ойыны:**<br>**1.**«Поезд»<br>-Балаларға ойынды аяқтап саптізбекке тұруға нұсқау береді<br>-Саптізбекте бір-бірден жүру, (бірінен кейін бірі жүреді, бағытты сақтайды, саптізбектен шығып кетпеуге тырысады, саптізбекте өзінің орнын табады).<br>**Негізгі қимылдарды біледі.** | **—**Балалар шеңбер бойымен қол мен аяқтың қимылын үйлестіре, тізені жоғары көтеріп жүреді.<br>**—** Балалар саптізбекте тұрып ирелеңдеген жолмен жүреді.Жаттығуды 3-4 рет қайталап жасайды<br>-Алдыңғы жасаған жаттығуларды бекітіп, доғаның астынан жүру жаттығуларын жалғастырады.<br>-Балалар қақпаға доп домалату жаттығуларын орындайды.<br><br>-Балалар екі топқа бөлініп ойнайды. Екі топтан кезек-кезек қақпаға доп соғып жарысады.<br>Қай топ қақпаға допты көп тигізеді сол жеңіске жетеді. |
| **Рефлексивті-түзетуші** | -Ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтижесін талдайды: Не жасадық, ал не жасалған жоқ?<br>-Балалармен бірге ойнаған және жаттыққан қимыл қозғалыстарын еске түсіру.<br>— Спорттық құрал-жабдықтарды жинауды ұсынады.<br>Балаларға рахмет айтып қоштасу | Ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтижесі бойынша талқылауға қатысу — сұрақтарға жауап береді:<br>Нұсқаушыға көмек көрсету ниетін таныту<br>-(Нұсқаушымен бірге спорттық құрал-жабдықтар жинайды)<br>Қоштасу |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Тізені жоғары көтеріп жүруді біледі;

**Игереді:** Ирелеңдеген жол бойынша жүруді игереді;

**Меңгереді:** Тұрақты теп-теңдікті сақтауды біледі.

Тексерді:

Ескерту:

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

Педагогикалық қолдауын мұқтаж болған балалар:

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.